

2024 жылдың 17 мамырында «Agritech Startup ideas» жобалық байқауы өтті. Байқауды ұйымдастырушы – «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, байқаудың бас демеушісі – жоғары сапалы, экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші «Астана-Өнім» АҚ.

Бұл байқаудың мақсаты келесі бағыттар бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық идеяларды іздеу болып табылады:

- ауыл шаруашылығындағы цифрлық шешімдер
- foodtech (тамақ өнеркәсібіндегі жобалар мен шешімдер)
- agrotech (аграрлық сектордағы жобалар мен шешімдер).

Байқау қорытындысы бойынша «AgriCashFlow» командасы (А.Данияр, Л.Жақсылық, А.Сағатова, А.Сейтқалиева) «Ауыл шаруашылығы өнімдерін цифрландыру» тақырыбындағы жобасымен үшінші орынды иеленіп, Huawei ноутбугымен марапатталды. «AgroFarm» командасы (Әбенова А., Досымқұлов Р.) «Жеке шаруа қожалығында құс өсірудің бизнес үлгісі» тақырыбындағы жобасымен алғыс хатпен марапатталды. Ғылыми жетекшілері: А.Б. Темірова, Г.К. Нарбаева.

Бұл байқау студенттерге ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібін дамыту саласындағы өз идеялары мен ұсыныстарымен бөлісуге бірегей мүмкіндік берді.



